

Орал қалалық №1 жалпы орта білім беретін мектептің 11 «а» сынып оқушысы
Сююнгереева Гаухар Максотовна, kkr_1980@mail.ru

ҰСТАЗ-ҰЛЫ ТҰЛҒА

Ғалым да, шахтер де бас иетін,
Ұстазым, бар сенің қасиетің.
Білім берген, ой берген, ақыл берген,
Көз алдымнан кетпейді асыл бейнең...

Осы шығарманы жазар алдын да көп ойландым. Расында да барлық мамандық иелері ең әуелі, мұғалімнен білім алады. «Мұғалім мамандығы - барлық мамандықтың «Анасы»» деп дұрыс айтқан. Ұстаз берген тәрбие әрбір жанның өміріне жол сілтер шамшырақ болары анық. Шығарманың басында бастаған өлеңімде ғылым иесі де, елін қорғаған батыр да, тілінен бал тамған ақын да, мал бағып жүрген шопан да, егістік салған диқан да, ел басқарып жүрген елбасымыз да бәрі - бәрі ұстаздан білім, тәлім - тәрбие алған. Сондықтан да бүкіл адам баласы ұстазды құрметтейді. Қиындығы да, қызығы да бар бұл мамандық ең әуелі балаға деген жауапкершілікті, сабырлылықты қажет етеді. Ұстаз - жас ұрпақты, адамды ізгілікке баулып, жақсылыққа тәрбиелейтін, білім беретін оқытушы. Өмірдің өзі ұстаз. Бірақ осынау «ұстаз» сөзінің астарында қаншама білім мен ғылым, махаббат пен сүйіспеншіліктің жатқанын байқамаймыз. Ұстаз болу бәрінің қолынан келе бермейтін жұмыс. Өйткені, әлі ешнәрседен хабары жоқ, оң-солын ажыратып білмейтін балаға білім нәрін сеуіп, тәрбие беріп, үлкен азамат етіп шығару міндеттелген. Ұстаз біздің екінші анамыз деп бекер айтылмаған. Он бір жыл бойы бізге өз баласындай қарап, ақылын айтып отырады. Мен ұстаздардың жұмысының қиыншылығын түсінемін. Себебі, менің ата-анамда осы салада жұмыс жасайды және де мектеп аралық «Ата-анамен бір күн» сайысына қатысқанмын. Сол кезде ұстаздардың қалай талмай еңбек ететінін көрдім. Күнде балаларға арналған сабақтарын қызықты өзкізу үшін барын салып тырысады. Менде кішкентай кезімде сіңілімді, ойыншық аюларымды отырғызып қойып, өзімді ұстаз ретінде сезінетінмін. Даналарымыз «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің» демекші, мен өзімді бақытты санаймын себебі, «Ұстаздар жанұясында» тәлім – тәрбие алып жатырмын.

Ы. Алтынсарин атамыз айтқандай «Маған жақсы мұғалім бәрінен де қымбат, өйткені мұғалім мектептің жүрегі». Үйде бізге бәрінен де қымбат отбасымыз болса, ал мектепте аяулы ұстаздарымыз қымбат. Біздің өмірімізде ең әуелі ата-анамызға және де ұстаздарымызға қарыздармыз десем артық айтпағаным болар. Ұстаз туралы қанша өлең жолдарын арнасақта, қаншама шығарма жазсақта көптік етпейді. Еркеліктерімізді көтеріп, білім нәрімен сусындатқан жандарға қанша алғыс айтсаңда жеткіліксіз.

Ұстаз болу - шәкіртке ата-анасындай тәрбие сыйлау. Жақсы ұстазға жолығып тәлім тәрбие алған шәкірт өмір майданында күресіп, болашаққа барар жолда таймасы анық. Егеменді елімізде өркениетке бастар жолдың басы мектеп болса, мектептің басты тұлғасы ұстаз. «Ұстазға құрмет, адамзатқа әрқашан міндет».

Еліміздің Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев «Еліміздің ертеңі, бүгінгі жас ұрпақтың қолында, ол жас ұрпақтың тағдыры - ұстаздардың қолында», - деп айтқанда қазіргі уақытта және болашақта мұғалімдердің алатын орны ерекше екендігін тағы да бір нақтылап көрсетті. Сондықтан да қазіргі уақытта мемлекет ұстаздарға ерекше көңіл бөліп жатыр. Қазіргі қиын уақытта мұғалімдердің алатын айлықтарын жылдан - жылға көбейтіп, мұғалімдердің құқықтарын қорғау мақсатында заңдар шығарылып жатыр. Сонымен қатар, мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаев «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының заңына қол қою да ұстаздарға құрметті одан әрі нығайтатыны анық. Қай заманда болмасын, ұстаздарға әрбір адамның сыйластығы жоғары болған. Бұл мамандық иелеріне құрмет бүгін немесе кеше ғана басталмағаны белгілі, ежелгі заманнан бері ұстаздықтың шоқтығы биік тұр. Ұлы ғұлама ғалым Әл-Фараби айтқандай «Тамшысымен тас тесетін бейне бір су тәрізді» жандарға ізет көрсету - қадамы. Өйткені, ұстазға құрмет көрсету - білімге құрмет көрсетумен тең.

Жас ұрпақтың болашағы, еліміздің келешегі ұстаздардың қолында. Тәуеліз елде, тәубемізге ту тігіп, тіліміздің мәртебесі артып, әлемге атымызды танытып жатқан кезінде халықтың, ұлттың болашағы жас ұрпақ тәрбиесіне де мықты көңіл бөлінуде. Жаһандану заманында ұлттың бәсекеге қабілетті болудың басты көрсеткіші – білім деңгейімен өлшенеді. Сондықтан, әлемдік білім кеңестігіне кіріп, білім беру жүйесін халықаралық биікке көтеру өзекті мәселе. Бұл мәселені шешу ұстаздардың қолында.

Осы орайда егеменді еліміздің дүние жүзі елдерімен терезесі тең болуы үшін оның негізі тұтқасын ұстайтын, білімділігімізді дәлелдеп, еліміз мақтан тұтатын дарынды да қабілетті болашақ жас ұрпақ, яғни біз. Ал бізді жаңа ғасырға сай, интеллектуалды, ой өрісі дамыған, халықаралық деңгейге сәйкес білімі бар, адамгершілігі мол азаматты тәрбиелеу мұғалімдеріміздің басты міндеті.

Заман ағымына сай ұстаздардың да кәсіби өсуі мен дамуына да көп талаптар қойылып отыр. Ұстаз білім беру барысында оқушыны жеке тұлға ретінде қарап, оған өздігінен білімді меңгеруге мүмкіншіліктер жасайды. Басты назар оқушының қабілеті мен қызығушылығын ескере отыра, оны дұрыс арнаға бұрып, қажетті «көпіршелер» орната білу, бағыт-бағдар береді.

«Ұстаз болу өз уақытыңды аямай, өзгенің уақытын аялау» - деп Мұхтар Әуезов айтқандай, уақытпен санаспай балалардың болашағы үшін аянбай жұмыс жасасаң, еңбегің еш кетпейді деп түсінемін. Қанша жыл тер төгіп еңбек етсең де, «болдым, осы маған жетеді, мен бәрін білемін» - деу ол үлкен қате. Мың ғасыр болмасын ұстаздың аты да заты да өлген жоқ. Өйткені, қай заман болмасын, қоғамға ұстаздың керегі анық. Тіпті, өзінің

емес, шәкіртінің қамы үшін шырылдап жүрген әрбір ұстаздың еңбегін ұлы демей не дейсіз.

«Адамның адамшылығы жақсы ұстаздан»-деп, Абай атамыз айтпақшы, әрбір жасаған ісіміз жемісін беріп жатса, оның артында ұстаздың бір тамшы болсада еңбегі жатқанын ұмытпаңыз. Шығармамның соңын Абайдың өлең шумақтарымен аяқтағым келеді.

Ақырын жүріп анық бас,
Еңбегің кетпес далаға.
Ұстаздық еткен жалықпас,
Үйретуден балаға.